

Манат Жайлауова

Шәкірттерін ғылым мен тәжірибе жетістіктеріне негізделген біліммен сусындатып, ел алғысына бөленіп жүрген педагогтардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі «Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Манат Кеңесқызы Жайлауова.

Манат Кеңесқызы 35 жылдық еңбек жолында көптеген шәкірт тәрбиелеумен қатар, өз саласының дамуына үлкен үлес қосты. Педагог 170-тен астам ғылыми мақаланың, 5 оқу-әдістемелік құралдың авторы. Scopus базасындағы журналдарда 5 мақаласы жарық көрген. Хирш индексі – 2.

Білікті ұстаз тәжірибе жинақтау мақсатында 2013 жылы Германияда өткен «Инновационные методы и технологии обучения в университетах Германии» тақырыбындағы семинарға қатысты.

Манат Кеңесқызынан білім алған Таңсұлу Мейрамова «Қазақстанның үздік магистранты – 2019» республикалық байқауында I дәрежелі диплом иегері атанса, Гүлназым Байқожа «Үздік жас ғалым – 2021» атты республикалық конференцияның I дәрежелі дипломымен марапатталды.

Ұстаз Халықаралық педагогикалық ғылымдар Академиясының, Қазақстан педагогикалық ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі.

Айта кету керек, педагог ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, республикалық «Үздік ғылым кандидаты-2020» байқауының төсбелгісімен, I дәрежелі дипломдарымен марапатталған.